

"Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 428 Жарлығы.

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 18 тамыздағы № 639 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында:

"Халықаралық тәжірибелі шолу" деген 3-бөлімде:

жетпіс төртінші бөліктің үшінші және төртінші абзацтары алып тасталсын;

"Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту үрдістері мен пайымы" деген 4-бөлімде:

"Жергілікті мемлекеттік басқару мен жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілеттіктері мен жауапкершілік салаларының аражігін ажырату" деген кіші бөлімде.

төртінші бөлік алып тасталсын;

сегізінші бөліктің бесінші абзацы алып тасталсын;

"Азаматтарды жергілікті өзін-өзі басқаруға тарту" деген кіші бөлімде:

алтыншы, жетінші, сегізінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында жергілікті қоғамдастықтардың даму бағдарламалары, жергілікті қоғамдастықтардың жиындары мен жиналыстарының хаттамалары, жергілікті өзін-өзі басқару органының бюджетіне түсетін түсімдер туралы мәліметтер, азаматтық бюджет және басқалар міндетті түрде жарияланатын болады.

Бұл портал, сондай-ақ тиісті ауылдық округ әкімі аппаратының ресми сайты жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қымыл жасасуына, азаматтық бастамаларды қарauғa және басқа мәселелерді шешуге арналған алаңға айналады. Ақпарат әрдайым өзекті және барлық азаматтарға қолжетімді болуға тиіс.

Жергілікті қоғамдастықтарда кезең-кезеңімен жобалардың конкурстары өткізілетін болады. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін, аумақтарды қөгалданыруға, ортақ пайдаланылатын орындарды (саябақтар, скверлер, спорт және ойын аландары және өзге де объектілер) жасауға және жөндеуге бағытталған үздік жобалар ауылдық округ бюджетінің мүмкіндіктері ескеріле отырып, одан тиісті бюджеттік бағдарламалар

шенберінде, сондай-ақ ерікті алымдар, демеушілік көмек және инвесторлардың қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады;

"Ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру" деген кіші бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Заңнамаға өзгерістер мен толыктырулар енгізу шенберінде жергілікті қоғамдастық жиналышын қалыптастыру тәртібі мен өткізу тетігі жетілдірілетін болады, атап айтқанда, жергілікті қоғамдастық жиналышының құрамына әрбір ауылдық елді мекеннің өкілі енгізілетін болады.";

екінші бөлік алып тасталсын;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті қоғамдастық жиынының басым міндеттерді, оларды іске асыру мерзімдерін айқындау, жергілікті қоғамдастықтың даму бағдарламасын келісу, әкімшілік-аумақтық құрылышты өзгерту, ауылдық округ әкімінің есептерін тындау, жергілікті қоғамдастық жиналышын тарату туралы шешім қабылдау мәселелері бойынша өкілеттіктері кеңейтіледі.";

бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші және он тоғызыншы бөліктер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жиырмасыншы және жиырма бірінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жергілікті қоғамдастық жиналышы жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінен қалыптастырылады.

Алдағы уақытта жергілікті қоғамдастық жиналышының өкілеттігі артады, атап айтқанда, жергілікті қоғамдастық жиналышы жергілікті қоғамдастықтың мүшелерінен қоғамдық медиаторларды сайлайды, аудандық маңызы бар қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қафидаларын, елді мекендердегі жануарларды жаю орындарын, сондай-ақ әкім аппараты көрсететін ақылы қызметтердің тізбесін келісетін болады.";

"Ауылдық округтің әкімі" деген кіші бөлімде:

бірінші бөліктегі "(жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігінің)" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Кандидаттар үшін базалық біліктілік талаптары - жоғары оқу орнынан кейінгі немесе жоғары не орта білімнен кейінгі немесе техникалық, кәсіптік білімі және белгілі бір жұмыс тәжірибесі болған кезде 25-тен кем емес жас шегі белгілене отырып, ауылдық округтің әкімдеріне кандидаттар ұсынуды саяси партиялар жүзеге асырады, сондай-ақ ол өзін-өзі ұсыну тәртібімен жүзеге асырылады.";

төртінші бөлік алып тасталсын;

жетінші бөлік алып тасталсын;

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылдық округ әкіміне жергілікті қоғамдастық жиналысымен бірлесіп, жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігіне берілуге жататын мұлік түрлерін айқындау құқығы берілетін болады.";

он бірінші бөлік алып тасталсын;

"Атқарушы органның жаңа құрылымы - жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі" деген кіші бөлімнің тақырыбы алып тасталсын;

"Атқарушы органның жаңа құрылымы - жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі" деген кіші бөлімде:

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкім аппараты елді мекендерді абаттандыру, санитариялық тазалау, көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды өз бетінше орындаиды, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен келісу бойынша жергілікті тұрғындарға өтеулі негізде қызметтер көрсететін болады. Бұл ретте өкілеттіктердің кеңейтілуі ескеріле отырып, әкім аппаратының қызметкерлері штат санының лимитін ұлғайту мәселесі қаралатын болады.";

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Еңбек шарты бойынша жалданатын қызметкерлердің тізбесі өндірістік қажеттілік ескеріле отырып, жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша қалыптастырылатын болады.";

сегізінші және тоғызыншы бөліктер алып тасталсын;

"Фискалдық орталықсыздандыру" деген кіші бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту ауылдық округ бюджетінің қаржылық мүмкіндіктері күшеттіле отырып жалғастырылады.";

екінші және үшінші бөліктердегі "жергілікті өзін-өзі басқару" деген сөздер "ауылдық округ" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді беру жалғасады:

занды тұлғалардың, дара қәсіпкерлердің мұлкіне салынатын салықтың үлесі;

су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы.";

жетінші және сегізінші бөліктердегі "жергілікті өзін-өзі басқару", "Жергілікті өзін-өзі басқару" деген сөздер тиісінше "ауылдық округ", "Ауылдық округ" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызынышы бөлік алып тасталсын;

он жетінші бөлік алып тасталсын;

он тоғызынышы және жиырмасынышы бөліктердегі "Жергілікті өзін-өзі басқаруға" және "жергілікті өзін-өзі басқару" деген сөздер тиісінше "Ауылдық округ бюджетіне" және "ауылдық округ" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Бюджеттік рәсімдерді оңайлату үшін ауылдық округтің бюджетін түзету көзделген . Бұл шара жергілікті қоғамдастықтың жиналысымен келісу бойынша қаражатты бюджеттік бағдарламалар арасында неғұрлым басым мақсаттарға қайта бөлуге мүмкіндік береді.";

жиырма бесінші және жиырма алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалдықтарды басқару, сумен жабдықтау, су бұру, көлік қатынасымен қамтамасыз ету, жайылымдарға, шөп шабуға арналған жер участеклерін айқындау сияқты ортақ міндеттерді шешу үшін жергілікті қоғамдастықтар өз деңгейінде ынтымақтастық жасауға мүмкіндік алады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына елді мекендердің тұрғындарын сапалы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету үшін қосымша өкілеттіктер және қаржы ресурстарымен нығайтылған құралдар кезең-кезеңімен берілетін болады.";

"Қалаларда жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту" деген кіші бөлімде:

мынадай мазмұндағы тоғызынышы бөлікпен толықтырылсын:

"Функцияларды орталықсыздандыру шенберінде қаладағы аудан деңгейінде дербес бюджетті енгізу мүмкіндігі де қаралатын болады.";

тоғызынышы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың келесі қадамдарының бірі 2023 жылы пилоттық режимде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу болады.";

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Алдағы уақытта облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың әкімдеріне облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда аудан әкімінің лауазымына баламалы негізде кемінде екі кандидатура енгізуге құқық беру мәселесін қаралған жөн.";

мынадай мазмұндағы он үшінші және он төртінші бөліктермен толықтырылсын:

"Жүргізіліп жатқан конституциялық реформалардың нәтижесінде халықтың мемлекет қызметіне қатысу тетігі және мәслихат депутаттарының сайлаушылармен өзара іс-қимылды арқылы әлеуеті біртіндең кеңейтіледі.

Осыған байланысты қалалық мәслихаттарға аумақтық жергілікті өзін-өзі басқару кеңестерінің функцияларын беру мәселесін қараған жөн.";

"Барлық деңгейдегі мәслихаттар жұмысының тиімділігін арттыру" деген кіші бөлімде:

ұшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәслихаттардың депутаттары мен төрағаларының құқықтық мәртебесі мәслихат сессиясында азаматтардың қоғамдық маңызы бар жолданымдарын жария ету, мәслихаттардың құрылатын тұрақты және уақытша комиссияларының құрамына кандидатуралар ұсыну, мәслихатқа заңнамалық актілердің орындалуын тексеру кажеттігі туралы ұсыныстар енгізу сияқты қосымша өкілеттіктер беру арқылы арттырылатын болады.";

төртінші және бесінші бөліктер алып тасталсын;

"Тексеру комиссияларының қызметін күшету" деген кіші бөлімде:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ауылдық округ әкімі қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін тексеру комиссиялары ауданың (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына жергілікті қоғамдастық жиналышы төрағаларының қатысуымен онлайн-отырыстарды жүзеге асыра отырып, аудиторлық тексерудің қорытындыларын ұсынатын болады.";

"Әкімшілік-аумақтық құрылышты жетілдіру" деген кіші бөлімде:

төртінші бөліктегі "жергілікті өзін-өзі басқару" деген сөз "ауылдық округ" деген сөзben ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жетінші бөлікпен толықтырылсын:

"Әкімшілік-аумақтық заңнаманың талаптарын ескере отырып, елді мекендердің мәртебесін кезең-кезеңімен өзгерту жөніндегі процесс жүргізілетін болады.";

"Күтілетін нәтижелер" деген 6-бөлімде:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Тұжырымдаманы іске асыру азаматтардың жергілікті деңгейде мемлекетті басқарудағы рөлін күшетуге мүмкіндік береді. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері тиісті бюджеттік және басқарушылық орталықсыздандыруды ескере отырып, жергілікті маңызы бар мәселелерді жедел және тиімді түрде шешуге мүмкіндік алады.";

екінші бөлікте:

1) және 3) тармақшалар алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) 2023 жылы - аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерін тікелей сайлауды pilotтық режимде өткізу;"

6) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы ұшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нысаналы индикаторлар:

1. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің өзін-өзі қамтамасыз ету деңгейі 2024 жылы - 25%-ға, 2025 жылы 30%-ға жетеді.

2. Аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттарын Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңгай платформасына қол жеткізумен қамту 2024 жылы - 100%.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру салық салынатын базаны ұлғайтуға мүмкіндік береді, қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен айқындығына он әсер етеді.";

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында:

реттік нөмірі 2-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 4-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 5.3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|-----|--|---------------------------|--|-------------------|
| 5.3 | аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңгай платформасына қол жеткізуін қамтамасыз ету; | Укімет Аппаратына ақпарат | ЦДИАӨМ, мұдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктері | 2025 жылғы кантар |
|-----|--|---------------------------|--|-------------------|

реттік нөмірі 10.2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

| | | | | |
|------|--|---------------------------|--------------------------------------|----------------------|
| 10.2 | құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу рәсімдерін оңайлату; | Укімет Аппаратына ақпарат | ЦДИАӨМ, мұдделі мемлекеттік органдар | 2024 жылғы желтоқсан |
|------|--|---------------------------|--------------------------------------|----------------------|

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 13-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | |
|-----|----------------------------------|--|--|----------------------|
| 13. | Каладағы аудан деңгейінде дербес | | ҰӘМ, Қаржымині, мұдделі мемлекеттік органдар, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, | 2024 жылғы желтоқсан |
|-----|----------------------------------|--|--|----------------------|

бюджетті енгізу
мәселесін пысықтау

Президент
Әкімшілігіне
ұсыныстар

Ақтөбе және
Қарағанды
облыстарының
әкімдіктері

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

K. TOKAEB

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК